



# Мунара

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТИ



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,  
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти

## МӘУЛІТ МҮБӘРАК БОЛСЫН!



**Қадірлі жамағат!**

Баршаңызды адамзаттың асылы, екі дүние сәурауы ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) туған айы – Мәуліт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Отбасыңызға амандық, мықты денсаулық, әр шаңыраққа құт-береке тілеймін. Мәуліт мүбәрак болсын!

Исі мұсылман баласы Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) туған айын асыға күтіп, рухани басқосударда Аллаға мадақ, Пайғамбарға салауат айтады. Мұндай игі дәстүр біздің елде де бірнеше жылдан бері жалғасын тауып келеді. Біз қазіргі әлемдік пандемия жағдайын ескере келе Мәуліт кешін онлайн режимде өткізіп, игі дәстүрді жалғастыруға

шешім қабылдадық. Жақсы амал жасауға ешқандай кедергі жоқ. Ең бастысы ықылас танытып, ден қойсақ болғаны.

Асыл дінімізде тойланатын кез келген мереке ізгілік пен құлшылыққа, қайырымдылық пен жақсылыққа үндейді. Алла елшісінің дүниеге келген айында орындалатын амалдар мұсылман баласын тақуалыққа тәрбиелейді.

Мәуліт – отбасылық мереке. Қасиетті Мәуліт айында отбасымызға ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өнегелі өмірі туралы насихат айтып, Алла елшісіне салауат жолдап, қарияларға құрмет көрсетіп батасын алу, балаларымызды қуанышка бөлеу – мерекенің сәні мен мәнін арттыратын сауапты амалдар.

Алла Тағала қасиетті кітабымыз Құранда: «Аллаға шын мәнінде тәуекел етіп, Ақырет күнінен үміт етем деушілер үшін және Жаратқанды жиі-жиі еске алатын жандар үшін Алланың елшісі керемет өнеге бола алады» («Әл-Ахзаб» сүресі, 21-аят) деген.

Расында, Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) лайықты үмбет болуға ұмтылған мұсылман үшін оның өмірінен алар өнегелер көп. Соның бірі – мейірімділік. Бұл туралы Құранда: «(Уа, Мұхаммед) Біз сені бүкіл әлемге рақым етіп жібердік» («Әнбия» сүресі, 107-аят) деп баяндалған. Бір сахаба Алла елшісінен дін дұшпандарына теріс дұға жасауды сұрағанда: «Мен лағынет етуші емес, рақым етушімін» десе, тағы бірде: «Мен бүкіл әлемге рақым, тақуа жандарға хидаят етіп жіберілгенмін» деген өсиетін қалдырған.

Пайғамбар жолын ұстанған мұсылман қашан да айналасына мейрім танытып, шуағын шашып жүреді. Бес күндік өткініші өмірде бір-біріміздің көңілімізге қаяу түсірмей, керісінше жылы сөзімізді арнап, жылулық сыйлап, ағайын-туыс бауырларға, барша адамға сырттай дұға жасап, тілеулестік ниетімізді білдіріп жүрейік. Қолдан келсе, көмегімізді аямайық.

**Қадірлі бауырлар!**

Мәуліт мүбәрак болсын! Осы қасиетті айда барынша сауапты істерге ден қойып, құлшылық жасап, Алланың разылығын алуға асығайық. Әсіресе Хак елшісіне көбірек салауат жолдауды ұмытпайық.

Алла Тағала баршамызды қауіпті індеттен сақтап, елімізге амандық, жерімізге тыныштық, халқымызға бақ-береке нәсіп етпей. Әмин!

• ЖҮРЕК СӨЗІ



Абдулла қажы ЖОЛДАС:

### СҮРІНІП КЕТПЕЙ ТҰРҒАНДА СҮННЕТКЕ ЖАРМАСАЙЫҚ

Ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) туған айы Мәуліт мерекесіне орай белгілі исламтанушы-ғалым Абдулла қажы Жолдаспен сұхбаттасқан едік. Ардагер ұстаз біз ұмытқан сүннет амалдар жайлы айтып берді.

» 3

• ТАРИХ пен ТАҒЫЛЫМ

## МӘУЛІТ ҚАЙ КЕЗДЕН БАСТАП ТОЙЛАНАДЫ?



Екі дүниенің сәурауы, адамзаттың құтқарушысы, Ұлы Рахманның сүйікті құлы, Абдулланың ұлы Мұхаммедті (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) күллі әлем асыға, сағына күтті. Тау мен тас, көк пен жер, адам мен жындар, барша жаратылыс атаулы өз тілінде Раббысынан «бізге құтқарушы жібер» деген үнсіз дұғасын жолдады. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алла жаратқан құлдарының мінәжәтына жауап ретінде Ибраһимнің дұғасы, Исаның сүйіншісі болған мақтаулы құлы Ардақты Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әлемдерге рахым етіп жіберді. Оның (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дүние есігін ашуымен жер бетіндегі қараңғылық бұлты сейіліп, шуақты күн арайын шашты. Күллі жаратылыс өз тілінде: «Қош келдің, уа, Мұхаммед!» – деп ілтипат көрсетті. Міне, содан бері әрбір жаңа Рабиғул-әууал айы туған сайын сүйікті елшісіне салауат пен сәлем жолдап, оған деген жүрегіңдегі сағынышын Раббысына жеткізу үрдіске айналды.

» 4

• ТАНЫМ

## АЛЛА ЕЛШІСІНІҢ АМАЛДАРЫ



Ардақты Пайғамбарымыздай (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) болмасымыз анық, бірақ ұқсап бағу – сүннет. Әр сөзі, қимылы мен әдеті – өнеге. Мәуліт күніне орай Алла елшісінің біраз қырын ашып, пайдалы материал әзірлемекке ниеттендік.

» 5

БАСПАСӨЗ-2021

### ДІНИ БАСҚАРМАНЫҢ ТӨЛ БАСЫЛЫМЫ



ГАЗЕТИНЕ 2021 ЖЫЛҒА  
ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ  
БАСТАЛДЫ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ 64747

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

Қала бойынша Аудан-ауыл бойынша

1 айға	174,60 тенге	183,20 тенге
3 айға	523,80 тенге	549,60 тенге
6 айға	1047,60 тенге	1099,20 тенге
12 айға	2095,20 тенге	2198,40 тенге

«МҮНАРА» (MUNARA) ГАЗЕТИНЕ «ҚАЗПОШТА» АҚ-НЫҢ БАРЛЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ, СОНДАЙ-АҚ АЙМАҚТАРДАҒЫ ҚМДБ-ҒА ҚАРАСТЫ БАРЛЫҚ МЕШІТТЕР АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ. ГАЗЕТ АЙЫНА 2 РЕТ ШЫҒАДЫ.

АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНДАРЫ:  
«ҚАЗПОШТА» АНЫҚТАМА БӨЛІМІ: 8 (7172) 58-02-96  
«МҮНАРА» ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫ: 8 (7172) 99-98-66

## QR КОД АРҚЫЛЫ ТЫҢДАҢЫЗ!



«Иман шуағы» бағдарламасының кезекті мейманы – ҚМДБ Шариағат және пәтуа бөлімінің меңгерушісі Сансызбай Құрбанұлы. Бағдарлама тақырыбы – «Жаратылыс хикметтері».



«Ықылас» радиохабарының кезекті қонағы – ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімінің маманы Хамзат Әділбеков. Радиохабар тақырыбы – «Отбасы – жауапкершілік».



«Адамзаттың Ардақтысы Әз Мұхаммед» атты рухани Мәуліт кешін осы жерден көруге болады.



Әр айдың намаз кестесін осы жерден ашып көрсеніз болады. Мұнда еліміздің барлық қаласындағы намаз кестесі жинақталған.















